

Ақсу қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 маусымдағы "Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 420/4 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № 355/3 қаулысы Павлодар облысы Ақсу қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақсу қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 маусымдағы қаулысына "Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 420/4 қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

"Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесіндегі 2 тармағы келесі мазмұндағы 4) тармақшасымен толықтырылсын:

"4) "Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "АҚСУ -ЖЫЛУ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

26 тармағы келесі мазмұндағы 4 тармақшасымен толтырылсын:

"4) "Ақсу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "АҚСУ -ЖЫЛУ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Б. Зеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Дүйсенбинов